

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Ақмола облысы

№244

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін Директоры Иванова Елена Юрьевна атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП Алихан, 016 жылы 10.25. Серия 0101 №0044845 Жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу куәлігі негізінде әрекет ететін Басшысы Искакова Кенжехан Есбосыновна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2021-07-13» жыл № 6046205-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 6 920 300.00 (алты миллион тоғыз жүз жиырма мың үш жүз тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);



4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);

5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 207 609.00 ((екі жүз жеті мың алты жүз тоғыз тенге нөл тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 207 609.00 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

Мемлекеттік сатып алу веб-порталына (бұдан әрі - веб-портал) растайтын құжаттың көшірмесін орналастыра отырып, АО «First Heartland Jýsan Bank», № TSESKZKA , KZ85998JTB0000569947 БСК Тапсырыс берушінің банк шотына кепілдікті ақшалай жарна банк шотына кепілдікті ақшалай жарна;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 22-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;



8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

3-2) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 10 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 1;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда белгіленген үлгіде «СТ-KZ» Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 155 бұйрығымен бекітілген Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалармен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10947 болып тіркелген) (бұдан әрі - Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалары) сәйкес беріледі.



Егер жеткізілетін қазақстандық тауарлардың көлемі екі және одан көп бірлікті құраса, онда белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесі не жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларға сәйкес берілген «СТ-KZ» тауардың шығу тегі туралы сертификаттың Уәкілетті ұйым куәландырған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы белгілеген тәртіппен берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 5) тармақшасының талаптары тек құны республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға таратылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.



7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2021-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды



қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.



осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.2 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.

12.3 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.4 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.5 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер



Тапсырыс беруші:

Ақмола облысы денсаулық сақтау
басқармасының жанындағы «Көпбейінді
облыстық балалар ауруханасы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Ақмолинская область, г.Кокшетау,
КАНЫША САТПАЕВА, 87А
БСН 180640020070
БСК EURIKZKA
ЖСК KZ7594817KZT22030344
"Еуразиялық Банк" АҚ
Тел.: 87084441357, 87084441381
Директоры Иванова Елена Юрьевна

Өнім беруші:

ИП Алихан
Ақмолинская область, г.Кокшетау,
Васильковский, 5, 61
БСН/ЖСН 590515400136
БСК TSESKZKA
ЖСК KZ12998JTB0000343311
АО «First Heartland Jýsan Bank»
Тел.: 87073617288
Басшысы Искакова Кенжехан
Есбосыновна

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 6046205-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2021 қаржылық жыл												
15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Керамограниттік тақтайша	едендік	Керамограниттік тақтайша, едендік 300*300	Шаршы метр	10	2 800.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (10)	0	28 000.00
2021 қаржылық жыл												



15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Жақтау	ағаштан жасалған, терезе және есік блоктарына арналған	Обналичка 6,2 м в комплекте стартовой профиль Green Tech 6 м (Пластиковая)	Ұзындық метр	310	450.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (310)	0	139 500.00
------------------	--	--------	--	--	--------------	-----	--------	--	--	---	---	------------

2021 қаржылық жыл

15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Тегістей	акрилді	Праймер грунтовка бесцветная (объем тары 5 литров)	Шөлмек	15	2 500.00	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (15)	0	37 500.00
------------------	--	----------	---------	--	--------	----	----------	--	--	--	---	-----------

2021 қаржылық жыл

15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Білікше	түрі BM 200	Білікше	Дана	30	700.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (30)	0	21 000.00
------------------	--	---------	-------------	---------	------	----	--------	--	--	--	---	-----------

2021 қаржылық жыл



15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Аспалы төбелер	үй-жайлар үшін	Подвесной потолок армстронг	Шаршы метр	50	3 500.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (50)	0	175 000.00
------------------	--	----------------	----------------	-----------------------------	------------	----	----------	--	--	--	---	------------

2021 қаржылық жыл

15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қасбеттік тақтайша	керамикалық, қабырғалы	Плитка керамическая глазуванная для стен, белая (согласно образца)	Шаршы метр	12	2 500.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (12)	0	30 000.00
------------------	--	--------------------	------------------------	---	------------	----	----------	--	--	--	---	-----------

2021 қаржылық жыл

15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Гипсті картонды табақ	маркасы ГКЛ, қалыңдығы 14 мм	Гипсті картонды табақ	Шаршы метр	50	966.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (50)	0	48 300.00
------------------	--	-----------------------	------------------------------	-----------------------	------------	----	--------	--	--	--	---	-----------

2021 қаржылық жыл



15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Плинтус үшін қосқыш	поливинилхлоридтан	внутренний соединитель угол для плинтуса цвет согласовать с заказчиком (в упаковке 2 шт) Высота не менее 7 см.	Бума	140	370.00	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (140)	0	51 800.00
------------------	--	---------------------	--------------------	---	------	-----	--------	--	--	---	---	-----------

2021 қаржылық жыл

15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Сэндвич-панель	минералды мақтадан тығыздағышпен үш қабатты, жабын, құyp түрі К, қалыңдығы 160 мм жоғары	Сэндвич 10 мм XPS бөлая	Парақ	36	5 500.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (36)	0	198 000.00
------------------	--	----------------	--	-------------------------	-------	----	----------	--	--	--	---	------------

2021 қаржылық жыл

15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Шпатлевка	гипстік	Шпатлевка финишная , бөлая Bergauf SILK POLYMER, 25 кг	Бір буда	56	1 950.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (56)	0	109 200.00
------------------	--	-----------	---------	--	----------	----	----------	--	--	--	---	------------

2021 қаржылық жыл



15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Линолеум	поливинилхлоридтан, коммерциялық, тоқыма негізінде	Линолеум поливинилхлоридный Тип "Бонде"цвет согласовать с заказчиком, 450 кв.м.*2,5., 450 кв.м.* 3 м коммерческий гомогенный линолеум. ГОСТ 7251-77. Tarkett Primo 315Primo Plus	Шаршы метр	900	3 000.00	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (900)	0	2 700 000.00
2021 қаржылық жыл												
15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Еденкемер	пластикалы, бітеу	Плинтус цвет согласовать с заказчиком 15*60/2400 мм	Ұзындық метр	580	350.00	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (580)	0	203 000.00
2021 қаржылық жыл												
15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Скотч-брайт	зімпаралы	Наждачная бумага (нулевка)	Шаршы метр	15	1 500.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (15)	0	22 500.00
2021 қаржылық жыл												



15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Желім	түсқағаздар/кілемдер/ асбест цемент /талшықты тақталар/керамика үшін, полимерлі плиткалар / линолеум	Клей плиточный Bergauf Keramik Profi 25кг (25 кг в мешке)	Бір буда	20	2 000.00	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (20)	0	40 000.00
------------------	--	-------	--	---	----------	----	----------	--	--	--	---	-----------

2021 қаржылық жыл

15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Плинтус үшін қосқыш	поливинилхлоридтан	внутренний соединитель угол для плинтуса цвет согласовать с заказчиком (в упаковке 2 шт) Высота не менее 7 см.	Бума	50	370.00	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (50)	0	18 500.00
------------------	--	---------------------	--------------------	--	------	----	--------	--	--	--	---	-----------

2021 қаржылық жыл

15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Терезе алды тақтасы	поливинилхлоридтан	Доски подоконные из ПВХ профилей	Парақ	1	19 000.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (1)	0	19 000.00
------------------	--	---------------------	--------------------	----------------------------------	-------	---	-----------	--	--	---	---	-----------

2021 қаржылық жыл



15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Құм	кварцті	Құм кварцті	Текше метр	10	1 500.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (10)	0	15 000.00
2021 қаржылық жыл												



15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Есіктің блогы	ағаштан жасалған, ішкі, бітеу	Блоки дверные Дг Ларго эмаль Агат без пат.800, коробка телескоп эмаль Агата без пат. с упл.70*33*2100 мм, наличник телескоп плоский эмаль Агата без пат.70*10*2140мм, Пластиковая защелка под цилиндр 2045 РС,ключ с цилиндром R60С SN,Ручка А-220 НН/РС, Накладка Rap KH-S SN/CP (квадрат). Фурнитура (ручки, защелки) состав алюминий , медь . Замки ЦАН с бесшумной пластиковой защелкой (покрытием акрил, устойчивое к царапинам. Прилагается сертификат соответствия. основа дверей цельный брус по каркасу и покрытие эмаль. Они покрыты краской, которая устойчива к повреждениям, наносимым механическим путем, влагоустойчивы и не портятся при резких перепадах температуры. Комплект дверей будет приниматься строго по тех описанию и наименованию товара.Поставка «Товара» осуществляется в течение всего срока действия настоящего договора, дробными партиями, на основании поданной заявки от Заказчика на имя Поставщика	Комплект	35	75 000.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (35)	0	2 625 000.00
------------------	--	---------------	-------------------------------	---	----------	----	--------------	--	--	--	---	-----------------



2021 қаржылық жыл												
15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Құм	табиғи	Құм табиғи	Тонна (метр)	10	1 000.00	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (10)	0	10 000.00
2021 қаржылық жыл												
15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Желім	фарфор/керамика/ ағаш/былғары/ резеңке/металл/картон/пластик үшін	Жидкий пластик Cosmofen	Дана	2	2 000.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (2)	0	4 000.00
2021 қаржылық жыл												
15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Бояу	майлы	Краска Tury Scandinavia Light Краска масляная МА-15 , белая, масляная готовая к употреблению , объем банки 2,6 кг	Шартты қалбыр	197	1 500.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (197)	0	295 500.00
2021 қаржылық жыл												



15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Ұяшықты бетон	құрастырымды - жылу оқшаулағыш, газобетон, беріктік класы В2,5, автоклавты	Приобретение газоблока	Текше метр	3	25 000.00	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің жазбаша сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (3)	0	75 000.00
2021 қаржылық жыл												
15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Плнтус үшін қосқыш	поливинилхлоридтан	Соединитель для плитуса цвет согласовать с заказчиком (в упаковке 2 шт)Высота не менее 7 см.	Бума	100	370.00	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (100)	0	37 000.00
2021 қаржылық жыл												
15978387-ОЛ-ЗЦП1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Еденкемерге арналған бітеуіш	пластик	Заглушка для плитуса,цвет согласовать с заказчиком (в комплекте 2 шт левый и правый) Высота не менее 7 см.	Комплект	50	350.00	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Тапсырыс берушінің сұранысымен 15 күнтізбелік күні ішінде.	Ақмола облысы, Көкшетау қ. Сәтпаев көшесі, 87 А үйі (50)	0	17 500.00



Договор о государственных закупках товаров

Акмолинская область

№244

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная детская больница» при управлении здравоохранения Акмолинской области, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Директор Иванова Елена Юрьевна, действующий на основании Устава, с одной стороны и ИП Алихан, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Искакова Кенжехан Есбосыновна, действующий на основании Свидетельства о регистрации индивидуального предпринимателя Серия 0101 №0044845 от 25.10.2016 года, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2021-07-13 года № 6046205-ЗЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) условия поставки закупаемых товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 6 920 300.00 (шесть миллионов девятьсот двадцать тысяч триста тенге ноль тьин) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

2.2 Оплата за поставленный Товар производится Заказчиком путем перечисления денежных средств на расчетный счет Поставщика не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания Сторонами акта приема-передачи Товара.

2.3 Объем поставляемых Товаров, в количественном и стоимостном выражении оговорен в Приложении 1 к Договору.

2.4 Необходимые документы, предшествующие оплате:

- 1) подписанный Договор;
- 2) накладная;

3) акт(ы) приема-передачи товара(ов);



4) отчет о местном содержании в товарах (представляется после полного исполнения договорных обязательств) по форме согласно приложению 22-4 к Правилам;

